

ШАМШЫҒАҚ

КУӘЛІК БЕРІЛГЕН УАҚЫТЫ: 09.06.2004 ЖЫЛ.

№3 (133) 31 ҚАЗАН 2025 Ж.

Мереке аясында

Университетте Республика күні аталып өтті

Салтанатты жиынға ҚР Президентінің кеңесшісі
Малик Нұржанұлы Отарбаев қатысты



Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінде Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Мереке университеттің Студенттер сарайында жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Малик Нұржанұлы Отарбаев, Қостанай

облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов, жоғары оқу орындарының өкілдері, ұстаздар мен студенттер қатысты.

Малик Отарбаев өз сөзінде жиналғандарды мереке-

мен құттықтап, Республика күні – тәуелсіз ел тарихындағы маңызды белес екенін атап өтті.

– Бұл күн – халқымыздың азаттыққа деген арман-тілегі мен мемлекетіміздің

іргетасы қаланған тарихи сәтті еске салатын мереке. Республика күні – біздің мәдениетіміздің, рухымыздың және тәуелсіз ел ретіндегі мақтанышымыздың нышаны. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған реформалардың барлығы еліміздің болашағына бағытталған. Мемлекет дамуының негізінде жастардың білімі мен отансүйгіштігі жатыр, – деді ол өз сөзінде.

Сондай-ақ кеңесші жастармен жүздесіп, олардың сұрақтарына жауап берді. Ол қазіргі таңда еңбек нарығында техникалық және жұмысшы мамандықтардың маңызы зор екенін атап өтіп, студенттерді жаңа технологияларды игеруге, заманауи маман

болуға шақырды.

Облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов өз құттықтау сөзінен кейін бірқатар ұстаздарға салалық және облыс әкімінің марапаттарын табыс етті. Атап айтқанда, университет ректоры Р.Б. Абдуллин, проректор М.С. Абилова, кеңесші К.К. Жаманбалин және оқу орнының бірқатар профессор-оқытушылары Қостанай облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Өз кезегінде ректор Руслан Абдуллин білім мен ғылымның дамуына қосқан үлестері үшін университет ұстаздарына Алғыс хаттар, ал оқу мен ғылыми жұмыста жоғары жетістікке жеткен мамандарға марапат қағаздарын табыс етті.

– Бүгінгі ұрпақ – елдің

болашағы. Біз жастарымызды бәсекеге қабілетті, білімді және елін сүйетін азамат ретінде тәрбиелеуіміз керек. Республика күні – тәуелсіздіктің, бірліктің және елдік рухтың мерекесі. Осы құндылықтар әр студенттің жүрегінде сақталуы тиіс, – деді ректор өз сөзінде.

Іс-шара барысында Мемлекет басшысының кеңесшісі елімізде соңғы жылдары жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға тоқталып өтті. Ол Қазақстанның билік институттарының ашықтыққа бағыт алғанын, цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу саласында нақты қадамдар жасалып жатқанын айтты.

Малик Отарбаев атап өткендей, еліміздің болашағы – білім мен еңбекте.

Ерекше құрмет

Еліміздің ертеңі – белсенді жастар

Жоғарғы оқу орын белсенді студенттері марапатталды



2025 жылдың 23 қазанында Республика күніне арналған салтанатты гала-концерт өтті. Іс-шара барысында қоғамдық және мәдени-студенттік өмірге белсене қатысып, азаматтық ұстанымы айқын жастар марапатталды. Бұл кеш – жастардың еңбегі мен белсенділігін бағалау, олардың қоғамдағы орнын айқындау мақсатында ұйымдастырылды.

Салтанатты жиында облыстың жоғары оқу орындарының үздік студенттері құрметке ие болды. Соның ішінде академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің белсенді жастары да ерекше атап өтілді.

Қостанай облысы әкімінің орынбасары Нарымбетов Бақытжан Хаберұлы Қостанай облысы әкімдігінің және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің Алғыс хаттарын табыстады. Марапат иегерлері: Жол-

болдықызы Үлнар – «Тарих» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Чопов Михаил Олегович – «Тарих» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Шайпов Изнаур Айн-диевич – «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

Жастар үшін мұндай марапаттар – тек құрмет белгісі ғана емес, сонымен қатар жаңа белестерге жетелейтін үлкен ынталандыру.

Университет ұжымы студенттердің жетістіктеріне қуанып, олардың белсенді өмірлік ұстанымы мен шығармашылық әлеуетін жоғары бағалайды. Белсенді жастардың табысы – оқу орнының да, өңірдің де мақтанышы.

Мұндай бастамалар мемлекетіміздің жас ұрпаққа көрсетіп отырған қамқорлығының айқын көрінісі. Республика күні қарсаңында өткен бұл марапаттау рәсімі – ел болашағы саналатын жастардың еңбегін бағалаудың жарқын үлгісі болды.

Маңызды

Білім – адалдық бастауы

Қостанай оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жүйелі түрде жүргізілуде

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті құбылыстардың бірі. Ол адамдар арасындағы сенімді бұзады, әділдік пен теңдік қағидадарын әлсіретеді. Қаламыздың оқу орындарында жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. «Адал ұрпақ», «Санаы ұрпақ», «Парасаттылық мектебі» сияқты үйірмелер белсенді жұмыс істейді.

Қаладағы жоғарғы оқу орындарда бұл бастамадан тыс қалған жоқ.

- Біз жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыруымыз керек. Ол үшін тек лекциялар емес, практикалық іс-шаралар – тренингтер, пікірталастар, жобалар қажет. Осындай үйірмелер арқылы балалар адал жолмен жетістікке жетуге болатынын түсінеді, – дейді университет өкілі.

Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік техникалық университеті қабырғасында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес күніне орайластырылған Парасаттылық сағаты ұйымдастырылып келеді. Акцияға «Құқық» кафедрасының студенттері, оқытушылары және шақырылған қонақ – прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры қатысты. Жалпы, іс-шара мазмұнды және қызықты өтті, кездесу сұрақ-жауап форматында өтті.

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар. Сондықтан әрқайсымыз «сыбайлас жемқорлық – жаман» екенін жүрегімізбен түсініп, ондай қылықтан бойымызды аулақ ұстауымыз қажет. Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиет. Тек адал, әділ және намысты азаматтар ғана елді биікке жетелейді. Әрқайсымыз өз орнымызда адал еңбек етсек – еліміз де, болашағымыз да жарқын болмақ! Жалпы, Қостанай қаласының білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Бұл тек бір реттік шара емес, жас ұрпақтың өмірлік ұстанымын қалыптастырудың маңызды бөлігіне айналып отыр.

Форум

Шаг к развитию

Руслан Абдуллин принял участие в форуме стратегических партнеров

Ректор Костанайского социально-технического университета имени академика Зұлқарнай Алдамжара Руслан Батыржанович Абдуллин принял участие в Международном форуме стратегических партнёров, который прошёл в Астане.

Мероприятие, прошедшее под названием «Казахстан — зона академического образования», объединило ректоров ведущих отечественных и зарубежных вузов, представителей аккредитационных агентств, а также филиалов иностранных образовательных учреждений.

Особое внимание форуму придало участие Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева. В своём выступлении Глава государства подчеркнул, что образование и наука — это основа прогресса и главный двигатель развития общества. По его словам, университеты должны



стать центрами передовых идей, инноваций и научных открытий, способных изменить мир.

Участие Костанайского социально-технического университета в таких масштабных мероприятиях имеет большое значение. Это не только возможность представить свой вуз на международной арене, но и шанс укрепить партнёрские связи, перенять успешный опыт других

университетов, узнать о новых подходах в сфере образования.

Такие форумы позволяют обсудить современные тенденции развития академического пространства, внедрение цифровых технологий в учебный процесс, международную мобильность студентов и преподавателей. Кроме того, они открывают перед вузами новые перспективы для научных исследований,

совместных проектов и обмена опытом.

Подобные встречи становятся площадкой для конструктивного диалога, где формируются идеи, определяющие будущее высшего образования. Активное участие в них способствует развитию университета, повышению качества подготовки специалистов и укреплению авторитета казахстанского образования на мировой арене.

Конференция

Жасанды интеллект – аймақтық өсімнің кілті

QOSTANAICONFERENCE: Цифрландыру мен инновацияның тоғысқан тұсы

2025 жылдың 30 қазанында Қостанай облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «QOSTANAICONFERENCE: жасанды интеллект – аймақтық өсімнің драйвері» атты сараптамаалық конференция өтті. Іс-шараның модераторы Қостанай облысы әкімдігінің цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Қашиев Азамат Совхозбайұлы болды.

Конференцияның басты мақсаты – жасанды интеллект технологияларының даму перспективаларын талқылау, оның өңірлердің цифрлық трансформациясына әсерін анықтау, тәжірибе алмасу және инновациялар мен технологиялар саласындағы бірлескен бастамаларды қалыптастыру.

Іс-шараға өңірдің жоғары оқу орындарының өкілдері, IT-сарапшылар, мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдарының мамандары қатысты. Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы делегациясы да конференция жұмысына белсенді атсалысты.

Университет атынан қатысқандар Джаманбалин Қадырғали Қонысбайұлы – физика-математика ғылымда-



рының докторы, профессор, инновациялық технологиялар және қоғаммен байланыс жөніндегі президент кеңесшісі, «Техникалық ғылымдар» кафедрасының білім беру бағдарламалары бағытының жетекшісі; Байқадамов Нұркен Тұрарұлы – тәрбие жұмысы және қоғаммен байланыс жөніндегі проректор, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Әубәкіров Жамбай Қалдиевич – «Техникалық ғылымдар» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Конференция барысында қатысушылар жасанды интеллекттің мемлекеттік басқарудағы, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы рөлін, сондай-ақ өндірістігі тиімділікті арттырудағы мүмкіндіктерін талқылады. Спикерлер Қазақстанның цифрлық экожүйесін дамытуда аймақтардың белсенділігі мен ғылыми кадрлардың үлесі ерекше екенін атап өтті.

Азамат Қашиев өз сөзінде: -Бүгінгі конференция – тек пікір алмасу алаңы емес, ол – жаңа идеялардың, аймақтық жобалардың бастауы. Жасанды интеллект бүгінде

барлық саланы қамтып отыр. Сондықтан бізге аймақ деңгейінде нақты жобалар арқылы бұл бағытты дамыту маңызды, – деді.

QOSTANAICONFERENCE аясында қатысушылар практикалық шешімдер мен ұсыныстар әзірлеп, келешекте Қостанай облысының цифрландыру стратегиясына енгізуге бағытталған ұсыныстар пакетін қалыптастырды.

Бұл конференция өңірдің инновациялық әлеуетін арттыруға, ғылыми қауымдастық пен бизнес арасындағы байланыстарды нығайтуға мүмкіндік берді.

Обмен опытом — путь к профессиональному росту

Как участие в международной археологической школе помогает будущим историкам

С 18 по 24 сентября 2025 года студент 3 курса образовательной программы 6B01612 — «История» Костанайского социально-технического университета имени академика Зулхарнай Алдамжар, Иванов Валентин, принял участие в летней археологической школе (IAMS), проходившей в Пекине (Китай).



Темой программы стала «Археометаллургия Центральной Азии», что позволило студентам из разных стран познакомиться с особенностями древнего металлургического производства и культурным наследием региона.

Валентин отметил, что участие в международной школе стало для него не только возможностью расширить знания в области археологии, но и шансом окунуться в атмосферу международного научного сотрудничества. В ходе программы участники слушали лекции ведущих профессоров — Тило Рирен, Мегна Десаи и Лью Серан, — которые делились результатами многолетних исследований

в области археометаллургии и археологических технологий.

— Особенно запомнились лекции о развитии металлургии в Китае. Я узнал, как древние мастера использовали природные ресурсы и какие методы плавки применяли в разные эпохи. Это не только теория, но и реальный опыт, который помогает понять, как археологические открытия формируют представление о цивилизациях, — поделился Валентин.

Кроме теоретических занятий, участники посетили музей металлургии Пекинского технологического университета, где были представлены уникальные экспонаты: шлаки, образцы металлических руд, древние орудия труда и

кузнечные инструменты, найденные на территории Китая. Экскурсия позволила студентам наглядно увидеть, как развивалось металлургическое дело, и сопоставить китайские находки с археологическими материалами Центральной Азии.

22 сентября состоялся совместный семинар НАСА-Сул, посвященный современным научным подходам в археологии. Здесь Валентин участвовал в обсуждениях, обменивался мнениями с зарубежными студентами и специалистами, узнал о новых методах анализа археологических находок и их интерпретации. Такие встречи формируют у студентов навыки исследовательской работы, критического мышления и

международного взаимодействия, что особенно важно в современном научном мире.

По итогам участия в летней археологической школе студент приобрел ценные знания, новые профессиональные контакты и практический опыт. Как отмечают преподаватели университета, участие в подобных международных проектах помогает студентам не только углублять теоретические знания, но и видеть реальную перспективу развития своей специальности.

Обмен опытом и участие в академических программах за рубежом становятся важной частью подготовки будущих специалистов. Благодаря таким возможностям студенты развивают академическую

мобильность, учатся адаптироваться в многонациональной среде, совершенствуют языковые навыки и повышают конкурентоспособность на рынке труда.

Костанайский социально-технический университет имени академика Зулхарнай Алдамжар активно поддерживает участие студентов в программах обмена, научных конференциях и школах за рубежом. Это способствует интеграции казахстанского образования в международное научное пространство и формированию нового поколения исследователей, способных мыслить глобально и действовать локально.

— Мы стараемся создать для студентов все условия, чтобы

они могли не просто учиться, но и применять свои знания на практике, знакомиться с мировыми достижениями науки, — отмечают в университете. — Подобные программы дают им уверенность в собственных силах и формируют профессиональную мотивацию.

Опыт Валентина Иванова — яркий пример того, как академическая мобильность и международное сотрудничество открывают перед молодыми людьми новые горизонты. Полученные знания и впечатления станут прочной основой для его будущих исследований в области истории и археологии, а также внесут вклад в развитие научного потенциала Казахстана.

Шетелдік қарым қатынас

Халықаралық ынтымақтастық

Университет оқытушысы «жасыл экономика» бағытындағы жаңа бастамалар жайында

Костанай әлеуметтік-техникалық университетінің «Бизнес және басқару» кафедрасының докторы, экономика ғылымдарының профессоры Гүлмира Қабдуллина бастаған жұмыс тобы Испанияның жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында бірқатар маңызды кездесулер мен семинарларға қатысты. Бұл іс-шаралар «Мемлекеттік саясаттың заманауи сын-тегеуріндері: Қазақстан өңірлерінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуде жасыл экономиканы интеграциялау» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

Сапардың басты мақсаты — халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайту, орнықты даму мен жасыл экономика мәселелерін шешу бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу және жаңа бірлескен жобаларға жол ашу болды.

Профессор Гүлмира Қабдуллина Испанияның беделді жоғары оқу орындарының бірі — Помпеу Фабра университетінің (UPF) бизнес мектебі UPF Barcelona School of Management халықаралық даму менеджері Пилар Робрес ханыммен кездесу өткізді. Помпеу Фабра университеті — 1990 жылы Барселона қаласын-



да құрылған, Испанияның ең беделді мемлекеттік университеттерінің бірі саналады. Университет инновациялық тәсілімен, жоғары сапалы білім беруімен және ғылыми зерттеу бағыттарының көпқырлылығымен ерекшеленеді.

Кездесу барысында тараптар екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы өзара тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру және академиялық мобильділікті дамыту мәселелерін талқылады. Гүлмира Қабдуллинаның айтуынша, мұндай байланыстар халықаралық серіктестікті нығайтып

қана қоймай, жас ғалымдарға шетелдік тәжірибеден үйренуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ профессор Қабдуллина бастаған қазақтандық делегация Барселона халықаралық зерттеулер институтында (IBEI) өткен ғылыми семинарға қатысты. IBEI — халықаралық қатынастар, жаһандық басқару және орнықты даму саласында Еуропадағы жетекші ғылыми орталықтардың бірі.

Семинар барысында ғалымдар «жасыл экономика» қағидаттарын мемлекеттік саясатқа енгізу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және

экологиялық әділдік тақырыптарын талқылады. Семинарға халықаралық деңгейдегі сарапшылар — Мартин Власкамп, Мариана Уолтер және Марона Фернандес Банке қатысты. Олармен өткен пікірталас Қазақстанның өңірлік дамуындағы экологиялық және экономикалық тұрақтылық мәселелерін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, қазақстандық ғалымдар Каталония политехникалық университетінің профессорлары — Жорди Морато Фаррерас (су ресурстарын орнықты дамыту саласындағы жетекші сарапшы) және Ольга

Люсия Санчес ханымдармен кездесті. Тараптар су ресурстарын басқару, экологиялық қауіпсіздік және климаттық өзгерістердің салдарын азайту бағыттарында ғылыми әріптестік орнату мәселелерін талқылады. Сапар барысында делегация Барселонадағы Қазақстан консулдығының басшысы Амир Шамильевичпен кездесті. Әңгіме барысында Қазақстан мен Испания арасындағы ғылыми-мәдени байланыстардың маңыздылығы және екі ел ғалымдары арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті сөз болды.

Маңызды іс-шаралардың бірі — Барселонаның Экономика және қаржы ғылымдарының корольдік академиясында (Real Academia de Ciencias Económicas y Financieras — RACEF) өткен семинарға қатысу болды. Академия директоры Анна Мария Гиль Лафуенте және профессор Хайме Александр Лопес қатысушылармен экономикалық даму мен қаржылық тұрақтылық тақырыптарында пікір алмасты. Бұл кездесу қазақстандық және испандық ғалымдардың ғылыми байланысын нығайтып, жаңа зерттеу бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Профессор Гүлмира Қабдул-

линаның айтуынша, мұндай кездесулер Қазақстан ғылымының халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді.

Шетелдік әріптестермен тікелей байланыс орнату — жаңа идеялардың, инновациялық шешімдердің және өзекті жаһандық мәселелерді бірлесіп шешудің тиімді жолы. Біздің мақсатымыз — жасыл экономика мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеп, еліміздің тұрақты дамуына үлес қосу, — дейді ол.

Профессор Қабдуллина жетекшілік ететін ғылыми топтың Испаниядағы жұмысы қазақстандық ғылым мен білім саласының дамуына серпін беріп, орнықты даму мен жасыл экономиканы дамыту бағытында жаңа ғылыми мүмкіндіктерге жол ашты.

Костанай әлеуметтік-техникалық университетінің ғалымдары халықаралық ғылыми қауымдастықпен тығыз байланыс орнатып, жаһандық өзекті мәселелерді шешуде белсенділік танытып келеді. Испаниядағы сапарлар — университеттің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, Қазақстан ғылымының әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануына нақты үлес қосты.

Университетте Республика күні аталып өтті

Салтанатты жиынға ҚР Президентінің кеңесшісі
Малик Нұржанұлы Отарбаев қатысты

– Жастардың цифрлық сауаттылығы, мемлекеттік тілді және шет тілдерін меңгеруі – Қазақстанның бәсекеге қабілетті ел болуына негіз. Әр жас өз ісінің шебері болып, ел дамуына үлес қосуы тиіс, – деді ол.

Салтанатты жиын соңында студенттер мен жергілікті өнерпаздар қатысқан концерттік бағдарлама өтті. Сахнада патриоттық әндер шырқалып, ел тарихы мен бірлігіне арналған көріністер көрсетілді.

Мерекелік іс-шара ел тәуелсіздігін, рухани тұтастықты және білім мен ғылым саласындағы жетістіктерді дәріптеді. Республика күні – бұл тек тарихи дата ғана емес, сонымен қатар ел бірлігін, патриотизмді және азаматтық жауапкершілікті дәріптейтін ерекше мереке.

Зұлқарнай Алдамжар атындағы университетте өткен мерекелік жиын тәуелсіздіктің қадірін сезінуге, жастардың бойында елжандылық пен білімге құштарлық сезімін арттыруға бағытталды.



Меншік иесі:
Қостанай әлеуметтік-техникалық
университеті.
Главный редактор:
ректор КСТУ
А.Р. Батыржанович

Выпускающий редактор: А.Серік.
Дизайн и верстка: С.Лютум.
Корректор: А.Лобова.
Газет куәлігі № 5121-Г
Қазақстан Республикасының

мәдениет, ақпарат және келісім
министрлігінде тіркелген.
Куәлік берілген уақыты:
9.06.2004 жыл.
Таралымы: 500 дана.
Тапсырыс: №1245

Газета отпечатана
в ТОО «Костанайский Дом печати»,
Костанай, ул. Майлина, 2/3.
Редакция мекенжайы:
Баймағамбетов к., 160 үй.
Байланыс телефоны: 55-46-13, 55-41-42.